

Кедендік декларацияны беру Кеден одағының "Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 032/2013) талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжатты (сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы мәліметтерді) ұсынумен бірге жүретін өнімдердің тізбесін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 22 қаңтардағы № 12 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі Техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 8-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 8-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияның 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 294 шешімімен бекітілген Кеден одағының шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімдерді (тауарларды) Кеден одағының кеден аумағына әкелу тәртібі туралы ереженің 2-тармағының "в" тармақшасын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Кедендік декларацияны беру Кеден одағының "Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 032/2013) талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжатты (сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы мәліметтерді) ұсынумен бірге жүретін өнімдердің қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 22 қаңтардағы
№ 12 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Кедендік декларацияны беру Кеден одағының "Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 032/2013) талаптарына сәйкестігін бағалау туралы құжатты (сәйкестікті бағалау туралы құжат туралы мәліметтерді) ұсынумен бірге жүретін өнімдердің ТІЗБЕСІ

Өнімнің атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Сәйкестікті бағалау туралы құжат	Ескертпе

1	2	3	4
<p>1. 1-топтың жұмыс ортасы үшін пайдаланылатын, қысыммен және бумен ерітілген газдарға, сұйылтылған газдарға арналған және:</p> <p>0,05 МПа-дан жоғары, сыйымдылығы 0,001 м³ астам рұқсат етілетін ең жоғары жұмыс қысымы және рұқсат етілетін ең жоғары жұмыс қысымы мәнінің сыйымдылығы 0,0025 МПа·м³ жоғары құрайтын мәніне көбейтіндісі 20 МПа-дан жоғары, сыйымдылығы 0,0001 м³ жоғары 0,001 м³ дейін қоса алғанда, ең жоғары рұқсат етілетін жұмыс қысымы бар ыдыстар</p>	<p>3926 90 920 0 3926 90 970 4 3926 90 970 9 7311 00 7419 99 900 0 7508 90 000 9 7613 00 000 0 8108 90 900 9</p>	<p>сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты</p>	
<p>2. 2-топтың жұмыс ортасы үшін пайдаланылатын, қысыммен және бумен ерітілген газдарға, сұйылтылған газдарға арналған және:</p> <p>0,05 МПа-дан жоғары, сыйымдылығы 0,001 м³ астам рұқсат етілетін ең жоғары жұмыс қысымы және рұқсат етілетін ең жоғары жұмыс қысымы мәнінің сыйымдылығы 0,005 МПа·м³ жоғары құрайтын мәніне көбейтіндісі 100 МПа-дан жоғары, сыйымдылығы 0,0001 м³ жоғары 0,001 м³ дейін қоса алғанда, ең жоғары рұқсат етілетін жұмыс қысымы бар ыдыстар</p>	<p>3926 90 920 0 3926 90 970 9 7309 00 7310 7311 00 7419 99 900 0 7508 90 000 9 7613 00 000 0 8108 90 900 9</p>	<p>сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты</p>	
<p>3. 1-топтың жұмыс ортасы үшін пайдаланылатын, сұйықтарға арналған және: 0,05 МПа-дан</p>			

<p>жоғары, сыйымдылығы 0,001 м³ астам рұқсат етілетін ең жоғары жұмыс қысымы және рұқсат етілетін ең жоғары жұмыс қысымы мәнінің сыйымдылығы 0,02 МПа·м³ жоғары құрайтын мәніне көбейтіндісі 50 МПа-дан жоғары, сыйымдылығы 0,0001 м³ жоғары 0,001 м³ дейін қоса алғанда, ең жоғары рұқсат етілетін жұмыс қысымы бар ыдыстар</p>	<p>3926 90 920 0 3926 90 970 9 7309 00 7310 7419 99 900 0 7508 90 000 9 7611 00 000 0 7612 8108 90 900 9</p>	<p>сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты</p>	
<p>4. 2-топтың жұмыс ортасы үшін пайдаланылатын, сұйықтарға арналған және: 1 МПа-дан жоғары, сыйымдылығы 0,01 м³ астам ең жоғары рұқсат етілетін жұмыс қысымы және ең жоғары рұқсат етілетін жұмыс қысымы мәнінің сыйымдылығы 1 МПа·м³ жоғары құрайтын мәніне көбейтіндісі 100 МПа-дан жоғары, сыйымдылығы 0,0001 м³ жоғары 0,001 м³ дейін қоса алғанда, ең жоғары рұқсат етілетін жұмыс қысымы бар ыдыстар</p>	<p>3926 90 920 0 3926 90 970 9 7309 00 7310 7419 99 900 0 7508 90 000 9 7611 00 000 0 7612 8108 90 900 9</p>	<p>сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты</p>	
<p>5. Температурасы 110 °С-ден жоғары ыстық су немесе артық қысымы 0,05 МПа-дан жоғары бу алуға арналған, сыйымдылығы 0,002 м³ асатын қазандықтар, сондай-ақ сыйымдылығы 0,002 м³ астам отпен жылытылатын ыдыстар</p>	<p>8402 8403 10</p>	<p>сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты</p>	

6. Ең жоғары рұқсат етілетін жұмыс қысымы 0,05 МПа-дан жоғары, номиналды диаметрі 25 мм-ден астам, газдар мен буларға арналған және 1-топтың жұмыс ортасы үшін пайдаланылатын құбыржолдар

7326 90 980 7
8108 90

		декларация немесе сәйкестік сертификаты	
7. Ең жоғары рұқсат етілген жұмыс қысымы 0,05 МПа-дан жоғары, номиналды диаметрі 32 мм-ден астам және ең жоғары рұқсат етілген жұмыс қысымы мәнінің номиналдық диаметрдің 100 МПа·мм-ден жоғары құрайтын мәніне көбейтіндісі бар, газдар мен буларға арналған және 2-топтың жұмыс ортасы үшін пайдаланылатын құбыржолдар	7326 90 980 7 8108 90	сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты	
8. Ең жоғары рұқсат етілген жұмыс қысымы 0,05 МПа-дан жоғары, номиналдық диаметрі 25 мм-ден астам және ең жоғары рұқсат етілген жұмыс қысымының мәнінің номиналдық диаметрдің 200 МПа·мм-ден астамды құрайтын мәніне көбейтіндісі бар, сұйықтықтарға арналған және 1-топтың жұмыс ортасы үшін пайдаланылатын құбыржолдар	7326 90 980 7 8108 90	сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты	
9. Ең жоғары рұқсат етілген жұмыс қысымы 1 МПа-дан жоғары, номиналдық диаметрі 200 мм-ден астам және ең жоғары рұқсат етілген жұмыс қысымы мәнінің номиналдық диаметрдің 500 МПа·мм-ден астамды құрайтын мәніне көбейтіндісі бар, сұйықтықтарға арналған және 2-топтың жұмыс ортасы үшін пайдаланылатын құбыржолдар	7326 90 980 7 8108 90	сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты	
	3917 7303 00		

<p>10. 0,05 МПа-дан астам қысымның әсеріне төзімді жабдықтың элементтері (құрастыру бірліктері) және оның жинақтаушы бөлшектері</p>	<p>7304 7305 7306 7307 7411 7412 7507 7608 7609 00 000 0 7907 00 000 1 8108 90 8402 90 000 8403 90 8404 90 000 0 8416 90 000 0 8419 90 8421 99 000 8481 90 000 0</p>	<p>сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты</p>	
<p>11. Мыналар: 25 мм-ден астам номиналды диаметрі (1-топтың жұмыс ортасы бар жабдықтар үшін) 32 мм-ден астам номиналды диаметрі (2-топтың жұмыс ортасы бар газдар үшін пайдаланылатын жабдықтарға арналған) 200 мм-ден астам номиналды диаметрі (сұйықтықтарға арналған және 2-топтың жұмыс ортасы үшін пайдаланылатын құбыржолдар үшін) бар арматура</p>	<p>8481</p>	<p>сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты</p>	
<p>12. Көрсететін және сақтандырғыш құрылғылар (артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың осы тізбесінің 1 – 9 және 13-тармақтарында көрсетілген құрамда қолдануға арналған)</p>	<p>9025 9026 9028 9031</p>	<p>сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты</p>	
<p>13. Барокамерлер (бір орындаық медициналықтан басқа)</p>	<p>8479 9018</p>	<p>сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты</p>	
<p>14. Қауіпсіздік құрылғылары мен аспаптары (артық</p>			

қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың осы тізбесінің 1 – 9 және 13-тармақтарында көрсетілген құрамда қолдануға арналған)	8479 9026 9032	сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты	
--	----------------------	--	--

Осы тізбені қолдану мақсаттары үшін өнімнің атауын да, ЕАЭО СЭҚ ТН кодын да пайдалану қажет.

2. Жұмыс орталарының топтары:

а) бір фазалы күйдегі тұтанатын, тотықтандыратын, жанғыш, жарылғыш, уытты және уыттылығы жоғары газдардан, сұйықтықтар мен булардан, сондай-ақ олардың қоспаларынан тұратын жұмыс ортасын қамтитын 1-топ;

б) 1-топқа жатқызылмаған барлық өзге жұмыс орталарын қамтитын 2-топ.

3. Кеден одағының "Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 032/2013) техникалық регламенті қолданылмайтын өнімдердің тізбесі:

а) қысымды реттеу станцияларында немесе компрессорлық станцияларда пайдаланылатын жабдықтарды қоспағанда, газды, мұнайды және басқа да өнімдерді тасымалдауға арналған магистральдық құбыржолдар, ішкі кәсіпшілік және жергілікті тарату құбыржолдары;

б) газ бөлу желілері және газ тұтыну желілері;

в) атом энергетикасы саласында пайдалану үшін арнайы құрастырылған жабдық, радиоактивті ортамен жұмыс істейтін жабдық;

г) технологиялық процеске сәйкес олардың ішінде жарылыс кезінде немесе өздігінен таралатын жоғары температуралы синтез режимінде жану кезінде пайда болатын қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар;

д) теңіз және өзен кемелерінде және басқа да жүзу құралдары мен су астында қолданылатын объектілерде пайдалану үшін арнайы құрастырылған жабдық;

е) теміржол көлігінің жылжымалы құрамының, автокөліктің және өзге де қозғалыс құралдарының тежегіш жабдығы;

ж) ұшақтарда және өзге де ұшу аппараттарында пайдалану үшін арнайы құрастырылған ыдыстар;

з) қорғаныстық мақсаттағы жабдықтар;

и) машиналардың дербес ыдыстар болып табылмайтын бөліктері (сорғылардың немесе турбиналардың корпустары, бу, гидравликалық, іштен жану қозғалтқыштарының, ауа машиналарының және компрессорлардың цилиндрлері);

Ескертпе:

- к) бір орындық медициналық барокамералар;
- л) аэрозоль бүріккіштері бар жабдықтар;
- м) жоғары вольтты электр жабдығының (тарату құрылғыларының, тарату тетіктерінің, трансформаторлардың және айналмалы электр машиналарының) қабықтары;
- н) артық қысыммен жұмыс істейтін электр энергиясын беру жүйесі элементтерінің (электрмен қоректендірудің кәбілдік өнімдері мен байланыс кәбілдері) қабықтары мен қаптамасы;
- о) металл емес иілгіш (икемді) қабықтан дайындалған (өндірілген) жабдықтар;
- п) газды шығару немесе сору шуын сөндіргіштер;
- р) газдалған сусындарға арналған ыдыстар немесе сифондар.